

«Мектепке жол» акциясы мен жалпыға бірдей міндетті оқу айлығында көрсетілген көмек барысы

Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Төлесін Әлиев атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп» КММ – де өткен «Мектепке жол» акциясының жалпы республикалық акциясы ұйымдастырылды. Акцияға сәйкес, Жаңаөзен қалалық білім бөліміне 30 оқушының тізімі жолданды.

Осы 30 оқушыға Жаңаөзен қалалық білім бөлімі тарапынан қаламыздағы мекемелерге хат жолданып, мекемелерден жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға, аз қамтылған отбасы балаларына, көп балалы отбасы балаларына, мүгедек оқушыларға мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін қаржылай және материалдық көмектер көрсетілді.

Мектепке жол акциясы барысында Халық банктің ұйымдастыруымен қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып 1 сыныптан 7 оқушыға сумка, оқу құралдары берілді.

Үйден оқитын 1 оқушыға 50000 тг. қаржылай көмек көрсетілді.

Жеке кәсіпкер Г.Д.Аджибаеваға хат жолданып, 4 оқушыға 500000 (елу мың) теңгеден мектепке қажетті киімдерін алу үшін қаражат берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысына сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмекке мұқтаж білім алушыларға әр балаға киім, аяқ киім, оқу-жазу құралдарын сатып алу үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде әр балаға 50000 (елу мың) теңгеден 271 оқушының ата-аналары мен қамқоршыларының халық банкісіне тиесілі картесеп шотына бөлінген ақшалай қаражат аудару түрінде әлеуметтік көмек берілді.

Шешім:

1. «Мектепке жол-2025» акциясының қорытындысы қанағаттандырарлық деп табылсын.
2. Акция жыл бойы жалғасын тапсын.

